

Павлодар қаласының Әділет басқармасы
ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА
ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ
20 13 ж. « 19 » 08 № 274 бұйрық

Павлодар қаласының Әділет басқармасы
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
20 06 ж. « 31 » 01 жүргізілді
БСН 060140013381
№ 13657-1946 - М.М.

Павлодар қаласы әкімдігінің
2013 жылғы « 24 » қысқартылған
№ 73/1 қаулысымен
бекітілді

«Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылатын «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде Павлодар қаласының аумағында құрылыс қызметінде мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын құрылыстың жеке тапсырыс берушісі болып табылады.

2. «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі өзінің құзыреттілігі бойынша Қазақстан «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» Республикасы заңнамасымен және басқа да актілермен қарастырылған мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен ресімделген шешімдерді қабылдайды.

8. «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат саны лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. «Павлодар қаласы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекеменің мекенжайы: Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 25.

